



АЛМАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№38 (152) 4 қыркүйек 2026 жыл

● ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ: ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Ұлттық құндылықтардың алтын арқауы

Жаз айының соңғы күндерінің бірінде облыс орталығы Қонаев қаласында Алматы облысы Әкімінің орынбасары Ә.Д.Масабаев пен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Ә.Қ. Құсайыновтың қатысуымен «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» атты дөңгелек үстел болып өтті. Бұл басқосудың өзегі – ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық құндылықтар. Бұл – қай кезеңде де өз маңызын жоғалтпайтын, ел болашағына тікелей қатысты аса маңызды мәселе.



Ұлттың ұлт болып сақталуы ең алдымен оның тіліне, дәстүріне, салт-санасына, тарихы мен мәдениетіне байланысты. Ал осы құндылықтарды бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жеткізу – қоғамның ортақ міндеті. Өйткені үлкеннің көргені мен түйгені, атадан балаға жалғасқан өнеге мен тәрбие – ұрпақ үшін баға жетпес рухани мұра.

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген халқымыздың нақыл сөздері де тәрбиенің өзегінде ұрпақтар арасындағы байланыстың жатқанын аңғартады. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азамат.

бөліскенін әңгімеміздің басында айта кеткеніміз жөн.

Ұрпақтар сабақтастығы үзілмеген елдің рухы биік, болашағы берік. Ендеше, бүгінгі пікір алмасу осы сабақтастықты нығайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беруге өз үлесін қосқаны анық.

Дөңгелек үстел басындағы шараны Алматы облысы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетовтың өз жүргізіп, модератор болып отырды.

Ол өз сөзін осы басқосуға «Ардагерлер ұйымы» республика-

ұлылығы оның ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, тілі, ділі мен рухани құндылықтарында екенін айтып, осы асыл мұраны көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу – әр буынның қасиетті парызы екенін тілге тиек етті.

Бүгінде облысымыздағы ардагерлер қоғамдық өмірден шет қалмағандығына, олардың арасында елдің бірлігі мен қоғамдық келісімін нығайтуға, жастар тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге белсене араласып жүрген азаматтардың көптігіне тоқталды.

Осыдан кейін сөз алған «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Ә.Қ. Құсайынов «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» төңірегінде келелі әңгіме қозғап, осы бағытта орындар міндеттердің негізі саналған жеті басым бағыттардың әрқайсысына жеке тоқталып, оның маңыздылығына елдің назарын аударды.

Республикалық ұйымның басшысы атадан балаға мирас болып қалған үлкенді сыйлау, құрметтеу



қалатыны анық. Оны болдырмау үшін автобус парктөрінің басшыларымен келісімге келіп, жолаушылар тасымалдау көліктерінде ардагерлер отыратын орындарды анықтау қажеттігін айтты.

Қазақта «Кешегіні білмей, бүгін мен ертеңді болжау қиын» деген сөз бар. Ұлтымыздың өткеніне шолу жасау, оны білу, зерттеу, зерделеу бүгінгі ұрпақтың ұлы міндеттерінің бірі болуы қажет. Осы тұрғыдан келгенде тарихи сана мен бабалар аманаты саналатын «Алтын Орда» тарихын білу қажеттігі үлкен маңызға ие. Республикалық ұйым басшысы осыған да жиналғандардың назарын аударды.

Ол кісінің өз сөзінде айта кеткен тағы бір дүниесі отбасы құндылықтарын дәріптеу мәселесі болды. Сонымен қатар жас ұрпақ тәрбиесі, табиғатты сүю мәселесі айтар ойының өзегіне айналды. Кездесу барысында дәстүрлі дін мен ұлттық бірегейлік, зиянды әдеттермен күрес туралы да кеңірек сөз болды.

Дөңгелек үстел модераторы Ерболат Сапарұлы ұрпақтар сабақтастығын нығайтуда, ұлттық құндылықтарды дәріптеу ісінде ардагерлер ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктердің атқаратын рөліне тоқтала келіп, осы ретте сөз кезегін Қарасай аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақыновқа берді.

Аудандық ардагерлер ұйымының жетекшісі Алматы облысы ардагерлерінің алдарында тұрған мін-

де тәрбиенің бастауы отбасынан қалыптасатынын айғақтайды. Бүгінгі күрделі кезеңде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отбасылық тәрбие мен қоғамдық келісімді нығайту ісінде аналардың жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түсуде.

Сөз кезегін алған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ұлтусын Бархинованың да айтары болды.

Төрайым айтқандай, осы бағытта облыстық Аналар кеңесінің атқарып келе жатқан жұмысының маңызы зор екені анық. Кеңес мүшелері отбасы құндылықтарын насихаттап, жас ұрпақтың тәрбиесіне үлес қосып, әйел-аналардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға бағытталған түрлі бастамаларды жүзеге асырып келеді. Ел болашағының іргетасы саналатын отбасы институтын нығайту жолындағы бұл жұмыстардың тәрбиелік әрі қоғамдық мәні ерекше.

Қазіргі таңда облыс көлемінде 2 қала мен 9 аудан бойынша 11 «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктері жұмыс атқарып келеді.

Олардың басты мақсаты – ана мәртебесін көтеру, отбасы құндылықтарын дәріптеу, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жаңғырту, жастар тәрбиесіне аға буынның тәжірибесін пайдалану және ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайту.

Сөз кезегін алған Шелек ауылдық бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы, Алматы облысының



Сондықтан жас ұрпақ бойына отансүйгіштік, еңбекқорлық, адалдық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу секілді қасиеттерді сіңіру – баршамыздың ортақ парызымыз.

Қазіргі жаһандану дәуірінде әлемдік өркениеттен тыс қалмай, сонымен бірге өз болмысымызды, ұлттық ерекшелігімізді сақтай білу аса маңызды. Ұлттық құндылықтарды заман талабына сай жаңғыртып, оны жастардың санасына жеткізудің тиімді жолдарын іздеу – бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Осы орайда бүгінгі дөңгелек үстел барысында аға буынның өмірлік тәжірибесі мен жастардың ой-пікірін тоғыстырып, ұлттық тәрбиенің бүгінгі сипаты, салт-дәстүрдің ұрпақ тәрбиесіндегі орны, ана тілі мен ұлттық мәдениетті дәріптеу, отбасылық құндылықтарды сақтау және жас ұрпақтың ел болашағындағы жауапкершілігі туралы ой

лық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері Ә.Қ. Құсайыновтың келіп отырғанынан бастап, шараның маңыздылығына тоқталды.

Бүгінгі кездесудегі шара жұмысына Алматы облыстық мәслихатының төрағасы Қ.С. Байғоджаев, өңір басшылығы, басқарма басшылары, аудандық, қалалық, бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен БАҚ өкілдері қатысып отырды.

Шара барысында алғашқы сөз кезегі Алматы облысы әкімінің орынбасары Әсет Дүйсебайұлы Масабаевқа берілді.

Бүгінгі басқосуымыздың күн тәртібіне ұрпақ сабақтастығы және ұлттық құндылықтар мәселесі қойылған екен. Осыған қарап ақ дөңгелек үстеліміздің маңызы ерекше екенін әңгімеміздің басында айта кеткім келіп отыр,-деп, өз сөзін бастаған өңір әкімінің орынбасары Әсет Дүйсебайұлы ұлттың



ұлттық дәстүріміздің қайнар басы екендігіне тоқталып, соны жүзеге асыру қажеттілігінің маңызына тоқталды. Көп жағдайда ол мәселе ақсап жататынын тілге тиек етті. Бір ғана мысал көп жағдайда қала көліктерінде жастардан орын босай, ардагерлеріміз елеусіздеу

деттерге, соған сай белгілі мерзім ішінде атқарған істеріне тоқталды.

Қазақ қоғамында ана қашан да отбасының ұйытқысы, ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы, ел бірлігінің берік негізі саналған. «Анаға қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер» деген халқымыздың даналық сөзі

Құрметті ардагері Әбілбек Айтақынның мамыр айында өткен ардагерлердің екінші съезінің қаулыларын орындау жолында бастауыш ардагерлер ұйымдарының атқарып жатқан ауқымды жұмыстарын тілге тиек етті.

(Жалғасы 2-бетте)

● ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ: ҰРПАҚТАР
САБАҚТАСТЫҒЫ

Ұлттық құндылықтардың алтын арқауы



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Аға буынның тағылымын насихаттап, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуда бұқаралық ақпарат құралдарының қосып жатқан үлесі де зор. Бұл туралы облыстық «Алатау ардагері» газетінің бас редакторы Роза Айдарбекова өз сөзінде айтып өтті.

Газет беттерінде ұлттық және отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, аға буын өкілдерінің жастарға тәлім-тәрбие беруіне, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға ерекше мән берілуде. Сонымен қатар облыстың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан, елге еңбегі сіңген азаматтардың өмірі мен еңбек жолын насихаттап, олардың үлгі-өнегесін жас ұрпаққа таныстыру болып табылады.

Бас редактор бұдан әрі мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» реформаларын жүзеге асыру аясындағы республикалық ардагерлер қауымдастығының «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» атты жеті бағыт жобасын облыста кеңінен насихаттау мақсатында мақалалардың шығып жатқанын тілге тиек етті.

Бүгінгі кездесудің негізгі бағыттарының бірі-тәжірибелі азаматтардың тағылымын жастарға жеткізу және ұрпақтар арасындағы байланысты одан әрі нығайту. Осы туралы «Алатау жастары» қоғамдық ұйымының төрағасы Нұрсұлтан Орынбасаров өз сөзінде кеңінен атап өтті.

Осы шара барысында облыс көлемінде ардагерлер қозғалысын дамыту, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуын қамтамасыз ету, ұсыныс-пікірлерін ескеру бағытында маңызды мәселелер көтерілді. Бұл мәселелер мен ұсыныстар алдағы уақытта тиісті жұмыстарды ұйымдастыру барысында ескерілетін болады.

Ерболат Сапарұлы осы өңірге арнайы ат басын бұрып, облыс көлеміндегі ардагерлеріміздің тыныс-тірлігімен танысуды мақсат еткен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Ә.Қ. Құсайыновқа облыс ардагерлерінің атынан ризашылық сезімін жеткізді.



Келесі кезекте бірқатар азаматтар «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісімен және Алматы облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Дөңгелек үстелге қатысқандар ресми бөлімнен кейін облыс әкімдігінің фойесінде естелік суретке түсті.

Ұлттық құндылық пен ұрпақ сабақтастығы – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Үлкеннің өнегесі мен ақылын жас ұрпақ бойына сіңіріп, дәстүрді жаңғырту арқылы ұлттық рухымызды нығайта түсеміз. Бүгінгі жас – ертеңгі елдің тізгінін ұстайтын азамат. Сондықтан оған дұрыс бағыт-бағдар беру, ұлттық тәрбиені дәріптеу – қоғамның ортақ міндеті. Ардагер – өткеннің куәгері ғана емес, бүгіннің ақылшысы, ертеңнің бағыт-бағдарын айқындайтын рухани тұлға. Аға буын мен жас ұрпақ арасындағы осындай сабақтастық барда елдің тұтастығы да, тәрбиенің тамыры да берік болмақ.

Дөңгелек үстел шарасына қатысқандар осындай ойдың үстінде қайтты деген ойдамыз.

Алтынбай СИҚЫМБЕК.
Қонаев қаласы.

● СОВЕЩАНИЕ

Преемственность поколений и национальные ценности

После завершения «круглого Стола» в акимате Алматинской области с участием председателя Центрального совета РОО «Организация ветеранов» А.К. Кусаинова, заместителя акима Алматинской области Г.М. Майлыбаева и председателя областного маслихата К.С. Байкоджаева, по программе состоялась вторая часть рабочего визита гостя из Астаны. Ваш корреспондент присутствовал на мероприятии в Доме культуры.

Мероприятие началось точно в назначенное время. В конференц-зале собрались председатели первичных, районных, городских ветеранских, женских и молодежных организаций Алматинской области, а также представители средств массовой информации.

В зале присутствовали: А.К. Кусаинов, председатель областного маслихата К.С. Байкоджаев, председатель Алматинского областного филиала РОО «Организация ветеранов» Е.С. Турумбетов.

Ведущие рассказали биографию А.К. Кусаинова — нового руководителя ветеранской организации республики. Его послужной список оказался весьма солидным: начинал горнорабочим в шахтах Караганды, работал в партийных органи-



зациях, избирался председателем Федерации профсоюзов Казахстана, депутатом Сената, назначался министром транспорта и коммуникаций, вице-министром индустрии и торговли в Правительстве, акимом Карагандинской области и занимал другие ответственные должности.

Затем слово для выступления перед собравшимися предоставили руководителю республиканской организации ветеранов.

Абельгази Калиакпарович определил семь основных целей общественной организации. Сегодня в республике насчитывается 2,5 миллиона ардагеров, что составляет около 13 процентов населения Казахстана. Это большой общественный потенциал.

В настоящее время в стране происходят масштабные изменения: принята новая Конституция, прошли выборы в новый однопалатный законодательный орган — Курултай. В этой связи задачи ветеранских организаций можно сформулировать в рамках проекта «Преемственность поколений и национальные ценности».

Ветеранский актив готов взять на себя миссию по воспитанию подрастающего поколения. Эта работа будет построена на семи фундаментальных направлениях. Проект направлен в регионы, где сегодня проходит его активное обсуждение.

УВАЖЕНИЕ К СТАРШИМ — НАЦИОНАЛЬНАЯ ТРАДИЦИЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ЗАБОТА

Докладчик привел конкретные примеры того, когда в обществе обычно вспоминают о старших. Это происходит за дастарханом, во время получения бата (благословения) и в других жизненных ситуациях. Необходимо повышать социальный статус ветеранов, используя различные методы.

В Астане, например, есть немало крупных автобусных парков, перевозящих миллионы пассажиров в год, среди которых немало пенсионеров. Есть предложение: пожилые люди должны иметь возможность заходить через передние двери автобусов. В самом автобусе и троллейбусе необходимо резервировать не менее четырех



мест для ардагеров. Такая практика уже существует, но пока не повсеместно.

Также через автоинформаторы следует постоянно напоминать о правилах этикета и необходимости уступать места определенным категориям граждан. Это необходимо распространять и на железнодорожный транспорт, и на авиаперевозки, обеспечивая (наряду с инвалидами, матерями с детьми и беременными женщинами) первоочередность при посадке на борт воздушного судна.



Это, так сказать, финансово не затратные меры по обеспечению уважительного отношения к старшему поколению при пользовании общественным, пригородным и другими видами транспорта.

Сегодня Центральный совет РОО «Организация ветеранов» прорабатывает эти вопросы во взаимодействии с Министерством транспорта, Министерством труда и социальной защиты населения, а также рассматривает возможность подписания соответствующего меморандума. Первыми городами, где будут реализованы эти инициативы, станут Астана, Алматы и Шымкент.

Абельгази Кусаинович также отметил важность активности самих ветеранов. Необходимо напоминать молодежи, что



завтра они тоже станут представителями старшего поколения, поэтому важно проявлять милосердие, доброту и уважение.

Забота о благополучии ветеранов не только на словах, но и на деле — лучший пример культуры для подрастающего поколения.

«С КНИГОЙ В БУДУЩЕЕ»

Это еще одно важное направление работы ветеранов. В молодости многим из

нас родители и педагоги говорили о важности чтения. Огромный читательский опыт ветеранов должен помочь сориентировать подрастающее поколение и вновь сделать книгу востребованной.

До сих пор актуальна фраза, рожденная в середине XX века, на заре появления телевидения.

«Те, кто читают книги, всегда будут управлять теми, кто смотрит телевизор».

Перефразируя это на современный лад, можно сказать:

«Читающие будут управлять теми, кто лишь листает ленты социальных сетей».

Настольными книгами молодежи могут стать произведения казахского классика Абая Кунанбаева, легендарного командира-панфиловца, героя Великой Отечественной войны Бауыржана Момышулы и других выдающихся писателей.

ЗНАНИЕ СВОЕЙ ИСТОРИИ

Знание своей истории формирует государственное мышление. Однако сегодня на эту тему существует много различных публикаций, мифов и спекуляций.

Историческая память — это не слепое поклонение прошлому, а защита от внешних идеологических манипуляций.

Выступающий сообщил, что вскоре выходит один из семи фундаментальных томов, посвященных истории Золотой Орды. Он должен стать настольной книгой в каждой ветеранской семье.

Председатель Центрального совета РОО «Организация ветеранов» А.К. Кусаинов также затронул актуальные темы:

«Популяризация семейных отношений. Профилактика разводов»;

«Заслон радикализму — защита суверенитета и внутренней безопасности Казахстана»;

«Воспитание молодежи: честность, любовь к природе, патриотизм»;

«Борьба с вредными привычками, в том числе с азартными играми».

Наша ветеранская газета будет последовательно и подробно освещать эти темы в будущем.



Чтобы мероприятие не было утомительным, ветеранам была представлена концертная программа. На сцене выступили молодежный хореографический ансамбль «Алтынай», трио «Келбет», Гулзина Жаксылык, Омыркул Айниязов, Самат Шонов, заслуженный деятель Казахстана Кудайберген Бекеш и другие артисты.

Рамазан ЕЛЕШЕВ
г. Конаев

ЕЛ НАЗАРЫН ЕРЕКШЕ АУДАРДЫ

Ежелден ата-бабамыздан бері келе жатқан қазақи салт-дәстүрді, әдет-ғұрып-ты, салт-сананы қайта жаңғырту мақсатында қазір елімізде жалпы халықтық жағдайда қолдауға тұрарлық қозғалыстың жүріп жатқаны жаныңызды жады-рата түседі, Осынау ұлттық құндылықтарымызды дамыту мен жетілдіру бағы-тындағы іс-шаралар тізбегі барған сайын көбейіп келеді.



Жақында ғана жағымды жаңалықтың куәсі болдық. Жібек жолы ауылында жаңадан пайдалануға берілгеніне көп уақыт бола қоймаған мәдениет үйінде алғаш рет жақсылықтың жоралғысы және еңселі ғимараттың ішіндегі тұсаукесер тұрғысынан «Тілашар» іс-шарасының көрсетілімі болып өтті. Аталған шараға Жібек жолы ауылдық округіне қарасты ауылдардың тұрғындары мектептер мен мекемелердегі адамдар және аудандық ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен төрайымдары қатынасты.

Аталмыш тақырыпқа байланысты сахна төрі де көз тоймайтындай көркемдікпен әсем безендіріліпті. Қатынасушылардың қарасы да айтарлықтай көп болды. Бірінші болып сөз алған ауыл әкімінің орынбасары Дәулетжан Деменбаев: - Қадірлі халайық! Өздеріңіз отырған осы мәдениет үйін ауыл жұртшылығы көптен бері армандап келіп еді. Енді міне, халықтың игілігі үшін есігін айқара ашып отыр. Бұл біздер үшін, сіздер үшін ештеңеге тең келмес үлкен қуаныш екені сөзсіз. Сіздер осы ғимараттың игілігін көре беріңіздер. Мына ұсынылып отырған «Тілашар» іс-шарасы соның бетшары болып саналады. Сіздердің көңілдеріңізді көтеретін сан-салалы шаралар осы жерде көбейе берсін,- деп қалың қауымға сәттіліктер тіледі.

Бұдан кейін көпшіліктің көңілі сахнадағы шара барысындағы көрністерге ауып кетті.

Сахна төріндегі қазақи дастархан басында отырған ата мен апаның және немеренің өзара әңгімелері адамды бірден баурап әкетеді. Былдырлап, тілі жаңа шығып келе жатқан немерелерінің қылықтары екеуін де ерекше қызықтыра түседі. Қуаныштары құшақтарына сыймаған ата мен апа ел-жұртына ұлан-асар тілашар тойын жасауға қамданады. Міне, мұсылман баласы бастан кешіп келе жатқан осы бір өмір көрністері көрермен қауымды еріксіз иландырып, қошеметпен қол соқтырады.

Сахнадағы бүгінгі балалардың тыныс-тірлігіндегі әрекеттерге арналған іс-қимыл көрністері де адамды бей-жай қалдыра алмайды. Олардың ақыл-ойындағы жетістіктер мен кемшін соғып жататын кемістіктері айқын бейнелінген. Бұдан балалар жақсыдан үйренуден, жаманнан жиренуден тәлім алады. Бәрінен де әдептіліктен, мәдениеттіліктен молынан сабақ алып, өміргедеген ынта-ықыласы мейілінше арта түседі. Қатарластары сияқты қандай болу керектігін өн бойына жинақтай бастайды. Мұндай сәттердің бала тәрбиесі үшін мәні мен маңызы зор екендігі айтпаса да түсінікті.

Сол сияқты кезекті көрністе бала атаулының мектеп табалдырығын аттап, мектеп партасына отырғандағы алғашқы сабақтарынан берілген көрністерді тамашалайсыз. Осының бәріне ауылбалалары қатынасады. Олардың сахнаға

бейімделуі, бұл рөлдерді қалай ойнау керектігі талай жаттығудан өткендері айқын көрініп тұр. Әрине, әлпенің бетін алғаш ашып отырған балалардың сабақтағы салғырттығы мен олпы-солпылықтары кімді болсын таңдандырмай қоймайды. Олардың мектеп өміріне енді-енді ғана араласа бастағаны бәрімізге де жақсы мәлім. Біраз уақыттан кейін олар оқушылар қатарына қосылып, оқушы деген атқа бірте-бірте төселе бастайды. Осы оқиғаларды олар әртістерге тән шеберлікпен ойнап шыққан.

Енді бір көріс 10 сұрақтардан тұрады. Мұның бәрі көрермендер тарапына арналған екен. Ашығын айту керек, ұлттық дәстүрімізге байланысты ұмытылып кеткен бұл сұрақтарға жауап беру, оның қисынын табу жағы оңайға соқпады. Бұдан көрермендер қатты қиналып, абыржып қалды. Шынында да халқымыздың ондай салт-дәстүріміздегі атаулы сөздерді мүлдем ұмытып кеткендері өкінішті-ақ. Өйткені, бұл сөздерге қатысты той-томалақ өткізу, ырым-сырымдар жасау жоқтығы осыған апарып соқтырып отырғаны ешқандай дау туды-



ра алмайды. Осындай да ұмыт қалып отырған ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту-ды қолға алу керектігі ойға орала береді. Халықтың осы жағына қатты қобалжитыны тегін емес.

Шара барысында ауылдағы көркемөнер-

паздар үйірмесінің өнерлеріне жұртшылық қайран қалмай қоймады. Олардың «Әжелер» ансамблі өздерінің өрге жүзген өнерлерін көпшілікке тарту етті. Сол сияқты Мейірхан Дарханұлының, Болатхан Шабдаровтың, Ерасыл Асқардың, Нұржан Назардың, Бексұлтан Мұңбайдың, Мақсат Базарбайдың тамсандырып әкеткен тамаша өнерлеріне ешкім де ризалықтарынан қол соқпай қалмады. Сондай-ақ, осы ауылдың ардагерлер ұйымының төрағасы, ағаш пен темірден түйін түйудің бесеснап шебері атанған Нағи Иманбаевтың домбыра мен гитараның құлағында ойнап, әуелете салған әндерінен әдемі әсер алмаған жоқ шығар. Көрерменнің Нағи Иманбаевтың таза талант иесі екеніне көздері жетті. Оған тамаша табыстар тіледі.

Шара соңынан ауыл әкімінің орынбасары Дәулетжан Деменбаев осы шараға белсене атсалысып, қомақты үлестерін қосқандарға алғысын айта келіп, әкімшілік атынан арнаулы Алғыс хаттарын табыстап, арнайы сыйлықтарын берді. Сонымен қатар аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов пен «Асыл ана» ұйымының төрайымы Ұлтай Бархинова сөз сөйлеп, ардагерлер мен аналар атынан ақ ниетті алғыстарын білдірді. Сөйтіп,

«Тілашар» іс-шарасы көптің көңілінен шықты.

Қанат ТӨКЕБАЕВ,
ардагер-журналист,
Жібек жолы ауылы,
Қарасай ауданы.

● 29 ТАМЫЗ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ ТҰРУ КҮНІ

Радиация уын Жұтқандар ұмыт қалып барады

Халық болып қалыптасып, қара жерді басып жүргелі қазақтың бастан кешпеген соры, көрмеген құқайы жоқ. 40 жыл бойы туған жерді тігіреткен Семей ядролық полигонының қасіреті әлі де қалай, салған жарасы жазылмай келеді. Мындаған адамдарды зардап шектіріп, талайдың өмірін қиып, біреуін мүгедек, біреуін кемтар еткен атом полигонының зардабы әлі ұмытылған жоқ.

Биыл қазақ елі үшін ғана емес, күллі дүние жүзі үшін тарихи оқиға Семей полигонының жабылғанына 35 жыл толады. Осыған орай біз Қонаев қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, ардагер-журналист, Балқаш ауданы мен Қонаев қаласының Құрметті азаматы Зарыққан Әбілқасымұлы Есілбаевпен ой бөліскен едік.

- Сіздердің бірлестіктің құрылғанына да биыл 5 жыл толады. Алғашқы кезде алдарыңызға қандай мақсат қойып, жұмысты неден бастадыңыздар?

- Мен, Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында туып-өстім. Бала кезімде полигонның қасіреті мен тақсіретін сезбесем де, 1989 жылы «Невада-Семей» қозғалысы құрылғанда көптеген құпиялар су бетіне қалқып шықты. Ауылда бірнеше адамдардың қылтамақ, ақ қан сияқты аурулармен ауырып өмірден қайтқандары ненің кесірінен болғаны сонда ғана түсіне бастадым.

Бірлестікті құру туралы идеяны алғаш рет 2021 жылы еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап өткізілген қалың «Нұр Отан» партиясының жиынында қалалық Аналар кеңесі төрағасының орынбасары Назым Сабазқызы Чажайбаева көтерген болатын. Араға біраз уақыт салып, бастамашыл топ құрылып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдардың шегінде Қапшағай қаласы өңіріне Семей ядролық атом полигоны аймағынан көшіп келген азаматтардың құқықтарын қорғау мен оны жүзеге асыру, бірлестікке ұйым мүшелерін тарту арқылы олардың әлеуметтік-тұрмыстық, еңбек құқықтарын және өмірі мен денсаулығын қорғау жұмыстары ілгері баса бастады. Күндер өте келе полигоннан зардап шеккен азаматтар қасымызға топтаса түсіп, бүгін 590 мүшесі бар үлкен ұйымға айналдық.

- 1992 жылғы 18 желтоқсандағы қабылданған Қазақстан Республикасының Заңы көшіп келгендерге жүрмейді деген сөздерді естіп қалып жүрміз. Бұл қаншалықты шындыққа жанасымды?

- Кезінде заң бойынша полигон аумағы төтенше жағдайда зардап шеккен аймақ, радиация қаупі ең жоғарғы аймақ, көтеріңкі мөлшерде зардап шеккен аймақ, аз мөлшерлі аймақ және ядролық жарылыстар салдарынан тұрмыстық-экологиялық жағдайының төмендеуіне байланысты көмекті қажет ететін аймақ деп 5 аймаққа бөлініп, сынақ салдарынан зардап шегушілерге жеңілдіктері мен өтемақы алу құқығын растайтын куәліктер берілді. Осы куәлікте «Полигонда болған және Қазақстанның басқа жерлеріне көшіп кеткендерге Жеңілдікті шарттармен зейнетақы алу, Еңбек өтілін есептеу бойынша жеңілдіктерді иемдену, Қосымша еңбекақы және жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысын алуға құқылы» деп айқын жазылды.

Одан бөлек «Ядролық сынақ полигонынан зардап шеккен азаматтардың жалақысы мен зейнетақысына экологиялық үстеме ақша қосылады, экологиялық демалыстар беріледі және сауықтыру шипажайларына тегін жіберіледі» делінген. 1996 жылғы дағдарыста қарастырылған еңбек ақыға, еңбек демалысына, т.б. төлем-ақыға жеңілдіктері алынып тасталды. Медициналық оңалту кешендерінің көпшілігі жекешелендіру кезінде жеке

меншікке беріліп, халық ондай орталықтарға ақша төлеп емделетін болды. Содан бері Қонаев қаласы өңірінде тұратын полигон сынағынан зардап шеккендер ешқандай жеңілдіктерге қол жеткізе алмай келеді. Азаматтарды қорғауға тиіс заң 35 жыл ішінде түрлі өзгертулермен қысқарып, нақты қажеттіліктерге жауап беруде қауқарсыз күйде қалып отыр.

- Қазіргі кезде бірінші кезекте зардап шеккен азаматтарға не қажет деп ойлайсыз?

- Полигонның жабылғанына 35 жыл болса да, өткір мәселелердің түйіні әлі күнге шешімін таппай келеді. 1992 жылы қабылданған заңға бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін полигон аймағынан көшіп кеткендерге берілетін жеңілдіктер мүлдем алынып тасталды. Соның кесірінен Қонаев қаласының өңірінде тұрып жатқан адамдар қосымша экологиялық демалыс алмайды, жалақысы мен зейнетақысына үстеме ақша қосылмайды, емдік шаралар мен



дәрі-дәрмектерге жеңілдік берілмейді, шипажайларға бармайды.

Бұл-Семей ядролық полигоны бойынша жұмыс істеп жүрген зерттеушілердің жинақтаған нақты дерегі. Ал, мемлекет жас сәбиін далаға лақтырып тастаған тас бауыр аналар сияқты, мындаған адамды өз күнін өзің көр деп кеудеден қаққанын көріп

отырып, «біз осы қай елде өмір сүріп жатырмыз?» деген ойға қаламын.

Бала кезінен ядролық жарылыс болған жерде туып, көзбен көргендер басқа мекенге көшіп кетсе де, зардап шегуші болып танылатындықтан өтемақы алып, белгілі бір әлеуметтік жеңілдіктерді алуға толық құқылы. Сондықтан ең бірінші кезекте Семей полигоны туралы жаңа заң қабылдау керек. Онсыз мен айтып отырған мәселелердің бірі де жүзеге аспайды.

-Радиоактивті зақымдану аумағында тұрған адамдардың ұрпағы да мемлекет тарапынан тиісті көмек алу қажет дейсіз ғой.

- Иә, полигонның салдарынан пайда болған ауру түрлері тұқым қуалайтындығын ғылыми негізде дәлелдеген ғалымдар мен мамандар ядролық жарылыс кезінде қолданылған плутонийдің радиациялық белсенділігі әр 21 мың жылда жартылай ғана төмендейді екен. Семей полигоны жеріндегі радиация мөлшері тек миллион жылдан кейін табиғи деңгейге жететіндігін ғалымдар айтып жүр.

Өкінішке қарай ядролық сынақтардың апатты зардабы уақыт озған сайын күшейе түсіп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып қатерлі өріс алуда. Бұл зардаптарды жою халықты емдеу, сауықтыру, денсаулығын қалпына келтіру,

ұрпаққа жалғасатындығы ешкім де жасырып, жаба алмайды.

Мысалы, Беларусьте 3,7 миллион адам (халықтың шамамен 40 пайызы) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттан зардап шеккен деп танылған. Олар мемлекеттік регистрге енген. Бұл тізімге кезінде апатқа куә болған адамдардың балалары, немерелері мен шөберелеріне дейін бір отбасындағы бірнеше буынның адамдары кірген. Енді мынаған қараңыз, Семей жерінде 40 жыл бойы ажал сепкен 470 (кей деректерде 498 ядролық сынақ өткен) ядролық жарылыстан-2500 мегатонна энергия бөлінген. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Нагасаки қаласындағы жарылыста 30 мегатонна, ал Чернобыльдан 100 мегатонна ядролық қуат бөлінген екен. Осының өзінен-ақ полигон аймағының қандай қасірет шеккенін бағамдауға болады. Қазақстан үкіметіне Беларусь мемлекетіндегідей регистрді қолданысқа енгізуге келгенде, не кедергі? Бұл сұраққа әлі күнге жауап берілген жоқ.

Мәселен, Жапонияда Хиросима мен Нагасакиде ядролық бомбалаудан зардап шеккендерге мемлекет ай сайын 100 доллардан асатын өтемақы, атомдық сәулеленуге байланысты ауруларды емдеуге арналған арнайы медициналық және денсаулық телемін жасап отыр. Қазақстанда қабылданған заңда «ядролық сынақ полигонынан зардап шеккен адамдарға қамқорлық көрсету мемлекеттің міндеті» деп жазылып тұр. Бірақ күні бүгінге дейін бұл міндеттің бірде бірі толыққанды орындалған емес.

- Алматы қаласындағы «Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь» Отан соғысының ардагерлері мен Ауған соғысы ардагерлердің, интернационалист жауынгерлердің, Чернобыль атом станциясындағы апатқа қатысушылар мен Семей ядролық сынағынан зардап шеккендердің емделетін орталығы саналады. Осы госпиталь қызметін қаншалықты пайдаланып жүрсіздер?

- Айтсам нанбайтын шығарсыз. Госпитальға айына 3-4 емделушіні ғана жіберуге мүмкіншілігіміз бар. Бұған сіз «неге аз» деуіңіз де мүмкін. (Жалғасы 4-бетте)

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ШЕЛЕКБАЕВ ӘБДУЭЛИ 90 ЖАСТА!

Бүгінде еңбек ардагері, бастауыш ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесі, батагөй, көнекөз қариямыз Шелекбаев Әбдуәли мерейлі 90 жасқа толып отыр.

Өткен өмір жолына үңілсек, 1936 жылы Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласында дүниеге келген. 1959 жылы жан ұясымен Қазақстанға қоныс аударған. Зейнет жасына жеткенше Кеген ауданының «Қызыл ту» және «Қарқара» совхоздарында автокөлік жүргізушісі болып қызмет жасаған.

Ұзақ жылғы ерен еңбегінің нәтижесінде бірнеше мәрте социалистік жарыстың жеңімпазы атанған.

2008 жылы Райымбек ауданының мәслихатының шешімімен «Райымбек ауданының Құрметті азаматы» атағы берілген.

2010 жылдан бері жанұясымен Іле ауданы М.Түймебаев ауылында тұрып келеді. Осы уақыт аралығында бірнеше аудандық, облыстық батагөй байқауларының жүлдегері атанды.

Бүгінде бір үлкен әулеттің ғана ақылшысы емес, бүкіл ауыл тұрғындарының құрметіне бөленген ұлағатты қария.

Құрметті Әбдуәли қария! 90 - жас мерей тойыңыз құтты болсын. Деніңіз сау, әулетіңіз аман болсын.



Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы.
Іле ауданы.

СЫЙЛЫ АДАМ

Бар өмірін балаларға арнаған

Ел арасында сыйлы өз әдебін білетін «Гүля муаллим» деген жақсы атқа ие болған ардагер ұстаз, елдің сүйікті ұстазы, адал жолмен жүріп, шындық үшін шырылдайтын адам ол- Имино- ва Гульварям Құрбанқызы. Гульварямды мен қырық жылдан бері білем.



1984 жылы мен Бахар ауылындағы үш тілдегі мектепке мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеуге бардым. Гульварям орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі екен. Бала үшін жан беріп, жан алысып жүрген Гульварямды көріп сүйсінетінмін. Ол кезде бар көрнекілікті қолдан жасаушы едік. Әр баланы өз баласындай қарап, білімге құштар етуге тырысқан жас мұғалім Гульварям жетпіс жасқа келді. Осы жылдар ішінде талай жетістіктерге жетті, алған марапаттары өте көп. Ел ішінде беделі өте жоғары. Маған ұнайтын ең негізгі қасиеті- шыншылдығы. Өмірлік жолдасы Юсупжан да білім саласында білікті маман болды аудандағы техникалық колледжде еңбек етіп демалысқа шықты. Елге сыйлы, ұрпаққа үлгі Гульварям жұбайы екеуі ұлы мен қызының, немерелерінің қызығына бөленуде. Гульварямның достары әр ұлт өкілдерінен. Досы Асылхан әлі күнге дейін араласады, досы екеуі-қазақ пен ұйғыр достығының үлгісі. Институтта бірге оқыған өзбек құрбысымен көп жылдай хабарсыз кетеді. Сол құрбысы Шонжыдағы телекомға хабарласып Гульварямды тауып алады. Қазір аралас- құралас. Атақты бабам Бауыржан Момышұлы «Ұлтшыл болма, ұлтжанды

бол» деген өсиет қалдырған Гульварям өз ұлтының ұлттық құндылықтарын үнемі болашақ ұрпаққа айтып таныстырудан жалыққан емес. Гульварям қазақ тілінде еркін сөйлейді, қазақ халқының салт-дәстүрлерін ерекше құрметтейді. Әдеби кітаптарды әлі күнге дейін көп оқиды. Саяси науқанға да белсене араласады. Ел арасында сыйлы Гульварям елі үшін, халқы үшін еңбек ете береді. Бахар ауылындағы қоғамдық іс-шаралардан шет қалған емес.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының
Құрметті азаматы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Ана сүті – бала денсаулығының негізі

Ана сүті – табиғаттың балаға берген ең асыл сыйы. Жаңа туған сәбидің денсаулығы мен болашақтағы дұрыс дамуы ең алдымен оның алғашқы айлардағы тамақтануына байланысты. Осы тұрғыда емшекпен емізудің орны ерекше. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСУ) нәрестені алғашқы 6 ай бойы тек қана ана сүтімен емізуді, ал қосымша тамақ енгізілгеннен кейін де кемінде 2 жасқа дейін емшекпен емізуді жалғастыруды ұсынады.

Емшек сүтінің құрамы мен ерекшелігі
Ана сүтінің құрамында баланың толыққанды дамуы үшін қажет барлық қоректік заттар бар. Ақуыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер мен минералдар бала ағзасына жаңыл сіңеді. Сонымен қатар, сүттің құрамы әрқашан нәрестенің жасына, қажеттілігіне сәйкес өзгеріп отырады. Мысалы, алғашқы күндері бөлінетін «уыз» өте қою әрі иммундық жүйені нығайтатын антиденелерге бай болады.

Балаға пайдасы
1. Иммунитетті қалыптастырады. Ана сүтіндегі табиғи антиденелер нәрестені тұмау, ішек инфекциясы,

құлақ пен тыныс жолдарының қабынуы сияқты аурулардан қорғайды.
2. Ас қорытуға жеңіл. Сүт құрамындағы заттар баланың нәзік ас қорыту жүйесіне оңай бейімделеді.
3. Ақыл-ой дамуын жақсартады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, емшек сүтімен ұзақ емген балалардың есте сақтау қабілеті мен ойлау жүйесі жақсы дамиды.
4. Аурулардың алдын алады. Ана сүтін алған балаларда семіздік, диабет, аллергиялық аурулар, жүрек-қан тамырлары аурулары сирек кездеседі.

Анаға пайдасы
Емшекпен емізу тек балаға ғана емес, анаға да пайдалы. Ол босанғаннан кейінгі ағзаның қалпына келуін жылдамдатады, жатырдың жиырылуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, сүт безі мен аналық бездің қатерлі ісіктерінің даму қаупін төмендетеді. Көптеген аналар үшін бұл артық салмақтан арылуға да көмектеседі.
Ана сүтімен қоректенген балалар сирек ауырады, яғни дәрі-дәрмекке, медициналық көмекке аз жүгінеді. Бұл – денсаулық сақтау жүйесінің шығындарын азайтады. Сонымен қатар, жас ұрпақтың дені сау болып өсуі – елдің болашағына қосылған зор үлес.
Емшекпен емізу – табиғи әрі ең пайдалы тамақтандыру әдісі. Ол нәрестенің физикалық қана емес, психикалық дамуына да зор ықпал етеді. Әрбір ана емізудің маңызын терең түсініп, мүмкіндігінше ұзақ уақыт сәбін ана сүтімен қоректендіруге ұмтылуы қажет. Бұл – баланың болашағына жасалған ең үлкен инвестиция.

29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы тұру күні

Радиация уын жұтқандар ұмыт қалып барады

(Жалғасы. Басы 3-бетте)

Ал, жоғары жақтағы басшылар: «Полигоннан зардап шеккендердің саны көп» деген шығарып салма жауапқа сүйенеді. Ядролық сынақтан зардап шеккендері үшін халық кінәлі емес, қайта мемлекет тәуелсіздік алған жылдардан бері халықтың денсаулығын ойлап, арнайы госпиталь салып, бұл жұмысты оңға қойғанда мыңдаған адам әркімге жалынышты болмай, емен есіктерге телмірмей дерттеріне дауа, емдеріне шипа табар еді.

Расына келсек, иә, біздер көппіз. Бірақ көп болғанымыз үшін кінәлі болмауымыз керек. Сыртымыз сау болғанымен, ішкі ағзамызды көзге көрінбейтін атом уы күн өткен сайын кеміріп жатыр. «Семей сынақ алаңы» көріні де, жасты да аяған жоқ. Бірлестік мүшелерінде генетикалық өзгерістерге ұрынған жүйке жүйесі, аллергия, ас қорыту ағзаларының аурулары, анемия, кан

өзі-ақ сұранып-ақ тұрған өзекті мәселенің бірі.

2022 жылы «Полигон 21» комитетінің үндеуіне үн қосып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Үндеу де жолдадық. Үкіметтен тырс еткен хабарды есті қойғанымыз жоқ. Келіп-кетіп жатқан Парламент Мәжілісінің депутаттарына зарымызды айтып, қолдарына үшбу хатымызды қыстырып жібереміз. «Мәжілісте көтереміз» деп кеткенімен, солардың мінберге шығып, полигоннан зардап шеккендердің зар-мұңын айтып жатқанын естімеп-пін. Шынтуайтына келсем радиацияның уын жұтқандар тасада ұмыт қалып барады. Маған Үкімет басындағы шенділердің «Бұлардың бәрі өліп біткенше күте тұрайық» деген ой шырмалында отырғандай көрінеді.

- Семей полигонының жабылуының 35 жылдығына қандай іс-шаралар жоспарын белгілеп отырсыздар?



тамырларының әлсіздігі, мидың әлсіз жетілуі, инфаркт сияқты ауру түрлері жиі кездеседі. Қатерлі ісік полигон аймағында тұрған адамдарды 76 жылдан бері өлімге тура бастайтын баспалдақ болып отырғанын әсте ұмытуға болмайды. Әзірше біздің көңілімізге демеу болып отырған Алматы қаласындағы госпитальға берілетін карта жолдамасының саны көбейсе деген тілек қана.

- Зардап шеккен азаматтарға мемлекет тарапынан қандай жеңілдіктердің қарастырылуын қажет деп санайсыз?

- Ең алдымен денсаулықтарын үнемі тексеріп тұратын емханаларда, оңалту орындарында қолжетімді нақты жеңілдіктер болуы тиіс. Шипажайларға тегін ем қабылдауға жіберуге бола ма, болады. Қалаішілік қоғамдық көліктерге тегін, ал Қазақстан Республикасы арасында жүріп-тұру жол ақысы 50 пайыздық жеңілдікпен берілсе, жылу, жарық түбіртектерін төлеуге, сондай-ақ үй мен көлік және жерге салық төлеу жеңілдіктері Үкімет тарапынан қарастырылса, сан жылдардан бері қордаланып келген бірқатар мәселелер оңтайлы шешімін табар еді деп ойлаймын.

Қазіргі кезде елімізге қайтарылып жатқан активтерге мектептер мен балабақшалар, басқа да әлеуметтік нысандар салынуда. Солардың санатында осы активтен қаржы бөлініп, полигоннан зардап шеккендерге арнап, замануи құрал-жабдықтармен жабдықталған госпиталь жобасы Үкімет тарапынан қолға алынса, мыңдаған адам рахметін айтар еді. Бұл-бүгінгі күн тәртібіне

- Қазақта «Шабан үйрек бұрын ұшады» деген мақал бар. Қоғамдық бірлестік болған соң, қаражат көздерін өзіміз қарастыруымызға тура келеді. Қаңтар айында іс-жоспарымызды бірлестіктің жалпы жиналысында қарап, алғы шарттарын белгіледік. Қонаев қаласының өңіріндегі мектеп оқушыларының арасында «Семей полигоны: оқушылар көзімен» сурет байқауын жарияладық. Байқау жеңімпаздары 1 маусым-Балалар күніне орайластырып қорытындысын шығарып, жүлделерін табыс еттік. 29 тамызда өтетін салтанатты жиында бірлестіктің өнерлі мүшелерінің бағдарламалық концертін ұсынуды жоспарлап отырмыз. Сонымен бірге «Семей полигоны: зауалы мен залалы» атты кітап шығару ойымызда бар.

70 жастан асқан полигон ардагерлеріне қалаішілік қоғамдық көліктерде тегін жүру туралы қала әкімі Асхат Бердіхановқа хат жазып, ұсыныс түсірдік. Оң шешімін табады деген үміттеміз. Міне, әл-әзір жоспарымыздың қысқаша сипаты осындай. Жыл соңына дейін оқушылармен, колледж студенттерімен және қаладағы қоғамдық ұйым өкілдерімен «дөңгелек үстелдер», кездесулер, семинарлар, басқа да іс-шаралар ұйымдастыру ойымызда бар.

- Өңіміңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Айжарық КӨПТІЛЕУОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Стихиялық сауданың қауіптілігі

Стихиялық сауда - гигиеналық нормативтердің талаптарын бұза отырып, шығу тегі белгісіз және сапасы кепілденбеген өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қуалаңдыратын құжаттарсыз тамақ өнімдерін сату жүзеге асырылатын орын. Бұл өнімдер азаматтардың денсаулығына қауіп төндіреді.

Халық үшін ең үлкен қауіп азық-түлік өнімдерінің саудасы (тез бұзылатын өнімдер) - сүт, балық, ет, жұмыртқа, шұжық өнімдері. Сатушыларда көп жағдайда тамақ өнімнің қауіпсіздігін растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы тауарға таңбалау, ілесіп құжаттар жетіспейді, өнімдерді температуралық режимі сақталмай сатылады, тіпті жаздың ыстық ауа-райында да тоназытқыш жабдықтарымен жабдықталмаған. Ауа температурасы жоғары болған кезде сүт өнімдері, шұжық және ет, жұмыртқа, балық, өнімдері) өзінің дәмі мен тауарлық сапасын жоғалтып қана қоймай, адамдардың өміріне қауіп төндіреді. Бірақ бұл өнімнің сапасына ешкім жауап бере алмайды, ал сатып алушылар оларды күтіп тұрған қауіп туралы ойламайды.

Сатып алушы стихиялық сауда денсаулыққа зиян тигізетінін, сондай-ақ өлімге әкелетін салдарға әкелуі мүмкін екенін есте ұстауы керек. Ет және балық өнімдері сальмонеллезді, бруцеллезді, ауыр паразиттік ауруларды тудыруы мүмкін; саңырауқұлақтар, көкөністер, үй жағдайында консервіленген ет – ботулизм; барлық тез бұзылатын тағамдар – желел ішек инфекциялары және тамақтан улануды тудырады.

Өзіңізді және жақындарыңыздың денсаулығын сапасыз азық түлік сатып алудан және тағамнан улану қаупінен қорғау үшін қарапайым ережелерді сақтауды ұсынамыз:

1. Азық-түлікті стихиялық нарықтардан сатып алмаңыз.
2. Егер сіз олардың сапасына күмәндансаңыз, тамақ өнімдері мен сусындарды, сондай-ақ өнеркәсіптік емес «үйде» дайындалған өнімдерді тұтынбаңыз.
3. Азық-түлік пен сусындарды сатып алғанда, сақтау шарттарын мен мерзімдерінің сақталуына назар аударыңыз; оларды жапсырмада көрсетілген шарттарға және жарамдылық мерзіміне сәйкес сақтаңыз.
4. Есіңізде болсын, сауда желісінен кез-келген азық-түлікті сатып алғанда, сіз сатушыдан оның сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды талап етуге құқығыңыз бар.

Денсаулық- баға жетпес байлық, жақындарыңызбен ауырмай өмір сүргіңіз келсе, сапалы өнімдерді тұтынып, жоғарыда аталған ережелерді ұстанғаныңыз жөн.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

АЛАТАУ Ардагері Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ	БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310 ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сықымбек Тел.: 8 705 965 3661 Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. «Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек. Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.	Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген. Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В. МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4273 Тапсырыс №2035 Индексі – 65472.
---	---	--	--